

**«Гүлдер» балабақшасындағы Қамқоршылық кеңес отырысының
№1 ХАТТАМАСЫ**

Ақтау қаласы

15.09.2023ж

Қатысты: балабақша директоры, балабақша әдіскері, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Күн тәртібі

Қамқоршылық кеңесінің ережесімен, мақсат-міндеттерімен, құру тәртібімен таныстыру

Қамқоршылық кеңесінің мүшелерін сайлау

Тындалды

1. Бірінші мәселе бойынша балабақша директоры М.Овезова сөз алып, жиналысқа қатысушыларды «Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ережемен таныстырып өтті. Қамқоршылық кеңесі қоғамдық бірлестік, бірге басқарудың қоғамдық-мемлекеттік түрлерін дамыту және білім беру жүйесі, ізгілік қызметтері мекемелеріне қолдау жасауға қосымша қаржы тарту мақсатында құрылатындығын айта келіп, міндеттеріне тоқталды. Балабақша директоры Қамқоршылық кеңесінің құқықтары мен міндеттеріне, оның қағидаларына, сонымен қатар кеңестің құрамына тоқталып өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөз алған балабақша әдіскері Б.Джуматова Қамқоршылық кеңес құрамына кімдер ену керектігіне, олардың функционалдық міндеттеріне тоқталып өтті.

Жиналысқа қатысушылардың ортақ ұсынысымен төмендегі тұлғалар:

Қамқоршылық кеңестің мүшесі болуға ұсынылды.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Сейтахметов Амангелди

Хатшы: Хайруллина Диана

Сейтахметов Амангелди - «Ақбидай» тобының ата-анасы

Изгалиева Сауле Жузбаевна - «Жауқазын» тобының ата-анасы

Шонкалова Айгул - Облыстық "Демеу" қоғамдық бірлестік төрағасы

Аяпбергенов Нұрдәулет Бақытұлы - Ақтау қаласы Полиция басқармасы ППБ аға қызмет инспекторы, полиция аға лейтенанты

Оңдағанова Алина - «Лалагүл» тобының ата-анасы

Овезов Атамұрат Есенұлы - Жеке кәсіпкер

Хайруллина Диана - «Құлпынай» тобының ата-анасы

Қамқоршылық кеңес мүшелері қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына сәйкес 3 жылға сайланады.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе Қамқоршылық кеңес
ШЕШІМ ЕТЕДІ:

Қамқоршылық кеңестің ережесіне сәйкес «Гүлдер» балабақшасында құрылған кеңесінің жұмысы жандандырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің құрамына ұсынылған тұлғалар кеңес мүшеліріне сайлансын.



Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Сейтахметов Амангелди
Хатшы Хайруллина Диана

Хатшы Хайруллина Диана